- руху заготовки, пласкі, поликлінові, клинові та інші ремені, а також ланцюги, що використовуються в конструкції верстата, відносяться до деталей швидко зношуваних (витратні матеріали) та потребують періодичної заміни.
- Гарантія на такі деталі не розповсюджується. Захисні кожухи, окремі деталі з пластику та алюмінію, що використовуються в конструкції станка, виконують запобіжні функції. Заміні по гарантії такі деталі не підлягають.
- Регулярно проводьте чищення пилки. Негайно замінійте пошкоджені захисні пристрої.

Чищення

- Регулярно проводьте чищення машини.
- Очищення корпусу пилки повинно проводитися регулярно за допомогою м'якої ганчірки, в основному після кожного користування пилкою.

- Очищуйте вентиляційні прорізи від пилу та бруду.
- Видаляйте бруд за допомогою м'якої ганчірки, змоченої у мильному розчині. Не застосовуйте розчинники.

Колекторна щітка

- Щітки двигуна схильні до зносу та за необхідністю їх треба замінювати.
- Відключіть верстат від живлення.
- Відкрутіть ковпачок щітки (A, Рис. 11).
- Контролюйте стан щіток після 40 годин роботи. При довжині щітки не менш ніж 3 мм її треба замінювати.
- Куткові щітки відносяться до швидко зношуваних деталей і на них не розповсюджуються гарантійні зобов'язання компанії JET. Артикул заказу JSMS10L-109.




Рис. 11

- Встановіть нові щітки.
- Знову встановіть ковпачок.

Пиляльні диски

- Застосовуйте тільки гострі пиляльні диски.
- Застосовуйте тільки диски з мінусовим переднім кутом.
- Не використовуйте стандартні пиляльні диски для поздовжнього пиляння.
- Для пиляння тонких заготовок використовуйте пиляльні диски з великою кількістю зубів (мінімум 80 зубів).
- Пошкоджені пиляльні диски необхідно зразу замінити.

10. Пошук та усунення несправностей

мотор не працює:

- немає струму – перевірити з'єднувальні дроти та запобіжник;
- зносилися колекторні щітки – замінити щітки;
- дефект мотору, вимикача або кабелю – визвати електрика;

світловий показчик не працює:

- несправний світловий показчик або з'єднувальний дрід;

сильні вібрації пилки:

- пилка стоїть нерівно – вирівняти пилку;
- пошкоджений диск пилки – негайно замінити пиляльний диск;

кут розпилу не відповідає 90°:

- неправильно встановлений поворотний упор;
- неправильно встановлений упор для заготовки;

погана якість поверхні розпилу:

- обраний невідходящий пиляльний диск;
- пиляльний диск забруднений смолою;
- затупилися зуб'я пиляльного диску;
- неоднорідна заготовка;
- занадто велике зусилля подачі пилки – не перенавантажуйте пилку при обробці.

11. Приладдя, що постачаються

Повний асортимент приладдя дивіться на сайті www.jettools.ru або у каталозі.

Құрметті сатып алушы!

Сіздің бізге білдірген сеніміңізге және JET маркасының станогын сатып алғаныңызға үлкен рахмет!

Осы нұсқаулықты құрастыру барысында Сіздің станокты тез арада игеруіңіз бен онымен қауіпсіз жұмыс істей алу мүмкіндігіңізге көп көңіл бөлінді. Өтінеміз, нұсқаулықты зерттеу мен сақтауға байланысты бірқатар ережелерге назар аударыңыз.

- Станокты іске қоспас бұрын осы нұсқаулықты толық әрі мұқият оқып шығыңыз, әсіресе қауіпсіздік техникасына аса назар аударыңыз. Бұл нұсқаулық осында сипатталған станокқа ұқсас құрылғымен жұмыс істеу бойынша базалық білімі мен дағдысы бар тұлғаларға есептеліп құрастырылған.
- Егер Сіз ешқашан мұндай құрылғымен жұмыс істемеген болсаңыз, осындай тәжірибесі бар тұлғалардан көмек сұраңыз. Осы станокпен бірге берілетін барлық құжаттаманы, кейіннен қарау мүмкіндігі үшін сақтап қойыңыз. Сонымен қатар кепілдемелік шағымдар түсіруге мүмкіндік беретін чекті (сатып алу түбіртегі) де сақтап қойыңыз.
- Станокты қайта сату немесе оны уақытша жалға беру жағдайында онымен бірге жеткен барлық құжаттаманы бірге беріңіз.
- Қолдану нұсқаулығында келтірілген ережелердің сақталмауынан болған кез-келген зақым үшін өнім шығарушы жауап бермейді

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
 2. Жеткізілім жиынтығы
 3. Техникалық сипаттамалар
 4. Техникалық қауіпсіздік бойынша жалпы ережелер
 5. Станоктың сипаттамасы
 6. Тасымалдау және қолданысқа қосу
 7. Жұмыс
 8. Ретке келтіру мен баптау бойынша жұмыстар
 9. Техникалық қызмет көрсету
 10. Ақауларды түзету
 11. Жеткізілетін қосымша заттар
- Бөлшектеу**
Бөлшектердің тізімі
Электр сызбасы

Нұсқауда маңызды мәліметке назар аудару үшін келесідей белгілер қолданылған:



Назар аударыңыз!
Қауіп туралы ескерту



Ескерту
Маңызды қосымша мәлімет



Жалпы ережелер
Барлық нұсқаулар мен ережелерді оқыңыз



1. Жалпы ережелер

- Станок ағаш және оған ұқсас материалдардан, сондай-ақ қатты полимерлі материалдардан жасалған өнімдерді аралауға арналған.
- Металл өнімдерін аралауға болмайды.
- Басқа материалдарды өңдеуге болмайды, немесе тек компания өкілдерімен кеңескеннен кейін ғана жүзеге асыруға болады.
- Қолдану нұсқаулығында жазылған қауіпсіздік техникасы бойынша ережелермен қатар Сіздің еліңіздің ерекше ұйғарымдарымен бірге ағаш өңдеу станоктарында жұмыс жасау бойынша жалпы қабылданған техникалық ережелерді де назарға алу қажет.
- Қолдану барысында осы ережелерден әрбір ауытқушылық дұрыс қолданбау ретінде қарастырылады және осының нәтижесінде болған зақымдануларға сатушы жауап бермейді.
- Станокта ешқандай да техникалық өзгертулер жасауға болмайды. Жауапкершілік тек қолданушының мойнына жүктеледі.
- Станок тек техникалық жөнделген қалпында қолданылсын. Станокты тек оның жұмысы, техникалық қызмет көрсетуі және мүмкін болар қауіп қатерлер туралы ескертілген тұлғалар қолдануға рұқсат етіледі.
- Станоктан қорғау автоматы мен электр қуаттандырушы көзіне дейінгі жалғастырушы кабель (немесе ұзартқыш) 3x1,5мм²-тан кем болмауы керек (неғұрлым мыстан жасалған, үш талшықты, әр талшықтың қимасы 1,5мм² кем емес болғаны абзал).
- Бұл станок жеке (тұрмыстық) қолдануға арналған, яғни өзінің құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамалары бойынша станок өндірістік қолданысқа жарамайды.
- Егер сіз қорапты ашқан сәтте тасымалдау барысында пайда болған қандай да бір ақауларды байқасаңыз, бұл жайында жедел сатушыға мәлімдеңіз.
- Станокты іске қоспаңыз!!

2. Жеткізілім жиынтығы

1. Шеткі жақты дискілі ара – 1 д.
2. Шаң жинайтын қап – 1 д.
3. Дайындамаға арналған қысқыш – 1д.
4. Үстелдің ұзартқышы – 2 д.
5. Ұзындық шектегіші – 1 д.
6. 13 мм жинақтау кілті – 1 д.
7. Аралау дискісі 1 д.
8. Қолдану нұсқаулығы
9. Бөлшектер тізімі

3. Техникалық сипаттамалар

Аралау дискісінің өлшемі	254x2,8x30 мм
Бос жүрістегі айналымдар саны	4500 айн./мин
Араланған тіліктің ең үлкен биіктігі	90/45, 90мм/42мм
Араланған бөліктің ең үлкен ені	90/45, 305мм/215мм
Аралау дискісінің келбеуі	0-45
Үстелдің оңға/солға бұрылысы	45/45
Сорып алатын құрылғыны қосу	Д30/40мм
Араның салмағы 1	8кг
Қуаттану кернеуі	220 В-1 L/N / 50 Гц
Қозғалтқыштың күш қуаты	1500 Вт
Жұмыс тоғы	6,5 А
Жалғастырушы сым (H07 RN-F)	2x1,5 мм ²
Қорғаныс құрылғысы	10 А



Ескерту

- Осы нұсқаулықтың спецификациясы жалпы ақпарат болып табылады.
- Өндіруші станоктар құрылымына өзгерістер енгізуге құқылы, бұл оның техникалық сипаттамаларына, оның стандартты жиынтығына, қосымша заттары мен сыртқы түрінің өзгеруіне алып келеді.
- Құрылғыны баптау, реттеу, орнату және техникалық қызмет көрсетуді сатып алушы жүргізеді.

4. Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы ережелер

- Қауіпсіздік техникасына өндіруші берген қолдану нұсқаулығы мен техникалық қызмет көрсету бойынша ережелерді сақтау жатады.
- Нұсқаулықты әрдайым ылғал мен кірлеуден сақтаңыз, басқа қолданушыларға беріңіз.
- Күн сайын араны іске қоспас бұрын барлық қорғау құрылғыларының қызметін тексеріңіз.
- Араның немесе қорғау құрылғыларының айқын болған ақауларын осы саланың мамандарының көмегімен шеттетіңіз.
- Мұндай жағдайларда станокты қоспаңыз, оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Нұсқаулыққа сәйкес жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз.
- Осы станокта жұмыс істегенде қауіпсіздік үшін екі қолды бірдей қолданған жөн.
- Дене тығыз болатын киім киіңіз, әшекейлерді, жүзіктер мен қолсағаттарды шешіп қойыңыз.
- Аралау дискісімен жұмыс істегенде

қолғап киіңіз.

- Егер Сіздің шашыңыз ұзын болса, шашқа арналған тор немесе бас киім киіңіз.
- Ұзын дайындамалармен жұмыс істеген кезде үстелдің тиісті ұзартылған бөліктерін, дөңгелекті тіректер қолданыңыз.
- Жұмыстың алдында аралау дискісінің айналуының дұрыс бағытын тексеріңіз.
- Жұмысты бастамас бұрын аралау дискісі ең үлкен айналым санына жетуі керек.
- Толық тоқтағанға дейін дискінің баяулау уақытына назар аударыңыз. Ол он секундтан аспауы керек.
- Жанынан басу арқылы аралау дискісін тоқтатуға жол берілмейді.
- Дайындаманың кері соққысын болдырмаңыз.
- Дөңгелек дайындамаларды аралаған кезде айналып кетуден сақтау үшін оны бекітіп қойыңыз. Үлкен дайындамаларды аралаған кезде қосымша көмекші тіректер қолданыңыз.
- Жұмыс кезінде барлық дайындамалардың берік бекітілуін қадағалаңыз, және олардың қозғалысы қауіпсіз болуы керек.
- Өте кішкентай дайындамаларды бөренелеуге болмайды.
- Дайындаманы ешқашан жай қолмен ұстамаңыз.
- Айналып тұрған аралау дискісін ешқашан ұстамаңыз.
- Араланған материал аралау дискісінің тістерімен қыстырылып қалмауын және төбеге ұшып кетпеуін қадағалаңыз.
- Араланған, бекітілген дайындамаларды тек сөніп тоқтаған аралау дискісінен алуға болады.
- Желдету ойықшалары таза болуын қадағалаңыз.
- Араны дайындама беру мен қызмет көрсетуге жеткілікті орын қалатындай етіп орналастырыңыз.
- Жарықтың жақсы түсуін қамтамасыз етіңіз.
- Араның тегіс бетте орналасуын қадағалаңыз.
- Электр сым жұмыс процессіне кедергі қылмауын қадағалаңыз, оған шалынып қалмайтындай болып жатуы керек.
- Жұмыс орнын басқа керек емес заттардан таза ұстаңыз.
- Қосылған станокты қараусыз қалдырмаңыз. Жұмыс орнын қалдырмас бұрын оны әрдайым сөндіріп жүріңіз.
- Станокты ылғалды тұрғынжайларда қолданбаңыз, оны жаңбырдың астында қалдырмаңыз.

- Станокты жанармай мен газдарға жақын жерде қолданбаңыз. Қылшақтардың қарапайым ұшқын алуы өртке әкелуі мүмкін.
- Өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын қадағалаңыз, мысалы, жұмыс орнында өрт сөндіргіштің болуын.
- Өте үлкен көлемді шаңның жиналмауын қадағалаңыз, әрдайым сәйкес келетін сорғыш құралдарды қолданыңыз.
- Ағаш қиқымдары тез тұтанғыш және денсаулыққа зиянды болуы мүмкін.
- Жұмысты бастамас бұрын дайындамадағы шегелер мен басқа да денелерді алып тастаңыз.
- Ең кіші және ең үлкен өлшемді дайындамалар туралы ережелерді сақтау қажет.
- Араға шектен тыс көп жүк түсірмеңіз, егер сіз оның күші жететіндей мөшерде жұмыс істесеңіз ол ұзақ жұмыс істейтін болады.
- Дайындама бөліктері мен қиқымдарды тек станок сөнгесін барып алып тастау керек.
- Станоктың электрлеу жұмыстары тек электриктармен атқарылуы керек.
- Ұзартқыш кабельді әрдайым барабаннан ағытып алыңыз.
- Сөндіргішпен қандай да бір мәселелер туындаса араны ешқашан қолданбаңыз.
- Орнату, монтаждау, тазарту жұмыстарының барлығы да станокты электр желісінен ажыратқаннан кейін жүзеге асуы керек.
- Тез кесетін болаттан (HSS) жасалған аралау дискісін қолдануға болмайды.
- Зақымдалған желілік кабельді шұғыл ауыстырыңыз.



4.1 Назар аударыңыз Қауіп қатер

Араны дұрыс пайдаланған күннің өзінде төменде келтірілген қауіптер орын алуы мүмкін.

- Еркін айналып тұрған аралау дискісімен зақымдалу.
- Дискінің сынықтарымен жарақаттану.
- Дайындаманың ұшып түскен бөліктерімен жарақаттану.
- Шу мен шаңның қауіпі.
- Міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарын киіңіз (көз, құлақтар және тыныс жолдарының қорғанысы).
- Сору құрылғыларын қолданыңыз.
- Кабельді дұрыс төсеген жағдайда тоқпен соғу қауіпі.


4.2 ДЫБЫСТЫҚ ЭМИССИЯ

Мәндерді EN 1807:1999 стандарттарына сай анықтайды. (өлшеудің ауытқу коэффициенті 4дБ)

- Дыбыс күшінің деңгейі (EN 3744 бойынша): бос жүріс 101.5 дБ (A)
- Дыбыс қысымының деңгейі (EN 11202 бойынша): бос жүріс 88.7 дБ (A)

Көрсетілген өлшемдер дыбыс деңгейіне қатысты болып табылады, дегенмен бұл қауіпсіз жұмыстың шектеулері емес.

5. Станок сипаттамасы



Сур. 1

A – жарық нұсқағышының тетігі

B – Тетігі бар тұтқа

C – аралау дискісінің қабы

D – ара басын бекіткіш

E – дайындамаға арналған қысқыш

F – бұрғыш қысқыш

G – ұзындық шектегіші

H – жұмыс үстелі

I – дайындамаға арналған тірек

J – аралау дискісі

K – қиқымдарды жинайтын қап

L – қысқыш

M – жарық нұсқағышы


N – бұрылу қысқышы

O – үстелдің ұзартқышы


P – бұғаттағыш тетік

Q – аралау тереңдігін реттеу

U – ара білігін бұғаттау



Сур. 2



Сур. 3

6. Тасымалдау және қолданысқа қосу

6.1 Тасымалдау және орнату

- Араны жабық тұрғынжайларда орнату керек, бұл жағдайда қарапайым ағаш шеберханасының жағдайлары қарастырылған жөн.
- Ара орнатылатын тегіс бет жеткілікті тегіс әрі жүктемелерге төзімді болуы керек. Қажет болған жағдайда араны орнатылатын бетке қатты бекітуге болады.
- Қаптауға қолайлы болу үшін ара жартылай жиналған.

6.2 Монтаждау

Жалпы ережелер




Назар аударыңыз!

Монтаждау-жөндеу жұмыстарын жүргізбес бұрын станокты электр желісінен ажыратыңыз!

- Қорғаныш майының тоттарын жұмсақ еріткіштердің көмегімен кетіріңіз.
- Станокты жалпақ бетке орналастырыңыз.

Үстелдің ұзартқыштарын монтаждау

- Ұзындық шектегішін оң немесе сол жағында орнатыңыз (В, 4 сурет).



Сур. 4

- Үстелдің ұзартқыштарын (С) металлды қапсырмалар (А) арқылы станоктың цоколіне бекітіңіз.

Қиқым жинауға арналған қапты монтаждау

- Станокта жұмыс істегенде қиқым жинайтын қапты пайдаланыңыз. (К, сур. 1)
- Қиқым жинауға арналған қапты станоктың артқы жағындағы тартып алатын штуцерден жоғары орнатуға болады.
- Тартып алушы штуцерге сору құрылғысын немесе шаңсорғышты қосуға болады.

Араның басын бұғаттаудан босату

- Станок бұғатталған араның басымен бірге жеткізіледі.
- Араның басын босату үшін ара басының бекіткішін (D, сур. 2) шығарыңыз. Араның басы біртіндеп жоғары көтеріледі.
- Станокты тасымалдағанда араның басын бекітіп тастау керек.

6.3 Электр желісіне қосу

- Клиент тарпынан желіге қосу және қолданылатын ұзартқыштар техникалық талаптарға сай болуы керек.
- Желі кернеуі мен жиілігі станоктың фирмалық тақтайшадағы жұмыс параметрлеріне сәйкес келуі керек.
- Өндіруші орнатқан қорғаныс құрылғысы 10 А ға сәйкес болуы керек.
- Электр желісіне қосу мен жөндеуді тек қана білікті elektrik мамандар жүзеге асырулары керек.


6.4 Қолданысқа енгізу

- Ара тұтқа саптағы тетікті басу арқылы іске қосылады және тетік босатылған сәтте ара жұмысын тоқтатады.

7. Станок жұмысы

Дұрыс жұмыс жағдайы

- Араға қарама-қарсы аралау бағытына қарап тұрыңыз. (сур. 5).



Сур. 5

- Аралау дискісінен қашықта Сізге қиқым шашырамайтындай етіп тұрыңыз.
- Тым қысқа дайындамаларды өңдемеңіз, оларды бекіту өте қиын.

Дайындамамен жұмыс істеу

- Жалпақ және ұзын дайындамаларды аралағанда аунақшалы тірейтін бағананы қолданыңыз.
- Жұмыс кезінде дайындама бекітілген болуы керек.
- Жұмысты бастамас бұрын аралау дискісінің қабы дұрыс орналасқынына көз жеткізіңіз.
- Ара тұтқа саптың ішкі жағындағы тетікті басу арқылы іске қосылады. (В, сур. 1)
- Дайындаманы араламас бұрын ара ең үлкен айналым мөлшеріне дейін айналып тұруы керек.

Ара басының жылжымалы қызметін қолданусыз аралау (Штоктар бекітілген)

- Бұғаттағыш тұтқа сапты бұрап тастаңыз (Р, сур. 2), тұтқаның көмегімен араның басын біртіндеп төмен түсіріңіз.
- Жұмыс аяқталған соң араның басы қайтадан жоғарғы орнына келуі керек.

Ара басының жылжымалы қызметін қолдану арқылы аралау

- Жалпақ дайындамаларды бөренелеу үшін осы қызметті қолдану керек.
- Бұғаттағыш тұтқа сапты босатыңыз (Р, сур. 2).
- Араның басын өзіңізге тақап ұстаңыз.
- Аралау дискісінің қабын жылжытып (Р, сур. 2), тұтқаның көмегімен араның басын баяу босатыңыз.
- Араның басын жаймен алға итере отырып, келесі аралау жұмыстарын жасаңыз.

- Қозғалтқышты сөндіріңіз.
- Жұмыс аяқталған соң араның басы қайтадан жоғарғы орнына келуі керек




Назар аударыңыз!

Жұмысты бастамас бұрын аралау дискісінің жағдайын бақылаңыз.

- Тек қана өткір аралау дискісімен жұмыс істеңіз.
- Дайындамаға әрдайым қысқыш қолданыңыз (E, сур. 1).
- Дөңгелек дайындамаларды аралаған кезде дайындаманы домалап кетпейтіндей етіп бекітіңіз. Үлкен дайындамаларды аралаған кезде тиісті тіректер пайдаланыңыз.

Түзу емес дайындамаларды бөренелеу

- Қысық немесе майысқан дайындамалар аралау нүктесі дайындамаға арналған тірекке тіреліп тұратындай етіп орнатылуы керек (сур. 6).




Сур. 6



Назар аударыңыз!

Берілген операция әлеуетті қауіпті болып келеді (сур. 7).



Сур. 7

Бұрыш астында бөренелеу

- Араның басы 0 ден 45 градусқа дейін бұрыш астында аралау үшін жайлап орналаса алады.
- Бұрыш астынан бөренелеуден бұрын (N, сур. 8) араның келесі бетіндегі тұтқа сап сәл босатылуы керек.



Сур. 8

Көлбеу аралау

- Араның басы -46 дан +46 ға дейінгі бұрыштың астына жайлап орналастырыла алады.
- Тірек артындағы екі қысқыш тұтқа саптар (F, сур. 1) босатылуы керек.
- Араның басы қалаған бұрышта орналастырыла алады.
- Арамен жұмысты бастамас бұрын екі тұтқа сапты қайтадан қысыңыз.

Бұрыш астында құрамдастырылған аралау

- Бұрыш астында құрамдастырылған аралау үшін ара басы мен дайындама тірегін тиісті жағдайға келтіріп қойыңыз.

8. Жөндеу мен реттеу бойынша жұмыстар



Назар аударыңыз!

Қауіпсіздік техникасы бойынша ережелерді үнемі есте ұстаңыз және қолданыстағы ережелерді сақтаңыз. Желілік штекерді розеткадан ажыратыңыз.

8.1 Аралау дискісін монтаждау

- Аралау дискісі көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес болуы керек.
- Аралау дискісін орнатпас бұрын зақымданған жерлері тексерілу керек (жарықтар, зақымданған тістер, майысқан жерлер). Зақымданған дискілерді қолданбаңыз.
- Дискінің тістері аралау бағытында (астына қарай) болуын қадағалаңыз.
- Аралау дискісін қолданған кезде тиісті қорғаныс қолғаптарын киіңіз.




Назар аударыңыз!

Аралау дискісін ауыстырмас бұрын станокты міндетті түрде сөндіріңіз.

- Ара дискісінің қорғаныс қабын алу

үшін қорғаныс қап жағындағы екі бұранданы да (R, сур. 9) босатыңыз және қорғаныс қабын үстіне жылжытыңыз (S).



Сур. 9

- Ара білігінің пернелі бұғаттау сөндіргіші арқылы араның білігін (U, сур. 3) бұғаттаңыз және аралау дискісінің қысқыш бұрандасын сомын кілтімен босатыңыз (T).




Назар аударыңыз: Сол жақ кескіш!

Сыртқы ернемекті ажыратыңыз.

- Аралау дискісін ауыстырыңыз (J, сур. 1)
- Аралау дискісінің тістері аралау дискісінің қабындағы нұсқар бағытына сәйкес бағытталуы керек.
- Аралау дискісін орнатпас бұрын ернемекті тазарту керек.
- Сыртқы ернемекті оның жұмыс орнына қайта келтіріп қысқыш бұрандасын сомын кілтімен бекітіңіз.
- Аралау дискісінің қорғаныс қабын орнатыңыз және оны екі бұрандамен бекітіңіз (R, сур. 9).

8.2 Жарықтық нұсқағышын бекіту

- Жарық нұсқағышын (V, сур. 10) аралау сызығын көрсетіп тұратындай етіп орнату керек.
- Жарық нұсқағышы бұрандалармен бекітіледі (W).



Сур. 10



Назар аударыңыз!

Жарық нұсқағышының классы – 2, көздеріңізге сәулелік тікелей түсуіне жол бермеңіз.

8.3 90 және 45 бұрыштарын нақты қою

- 90 және 45 бұрылыс бұрыштары зауытта қойылады.
- Қажет болған жағдайда бұрыштарды үлгінің көмегімен (X, сур. 8) реттеп алыңыз.

8.4 Аралау тереңдігінің шектегішін орнату

- Аралау тереңдігінің шектегіші бөгеткіш бұранданың көмегімен орнатылады (Q, сур. 2)
- Ара басының жылжымалы қызметінің арқасында дайындаманы бөлшектеп аралауға болады.



Назар аударыңыз!

Шеткі жақтары тікенді араны қоспас бұрын аралау дискісінің қозғалысына еш кедергі жоғуына көз жеткізіңіз.

9. Техникалық қызмет көрсету

- Техникалық қызмет көрсету, тазарту мен жөндеу жұмыстарын жүргізбес бұрын станоктың өздігінен қосылуын алдын алу қажет. Электр желісінен ажыратыңыз!
- Электр құрылғысын қосу және жөндеу жұмыстарын тек қана білікті электрик мамандары жүзеге асыруы керек.
- Сүрлейтін пышақтар, дайындаманы қозғалысқа келтіретін резеңкемен қапталған біліктер, жалпақ, полижүзді және жүзді және басқа да белбеулер, сондай-ақ станок құрылымында қолданылатын шынжырлар тез тозатын бөлшектерге (шығын келтіретін материалдар) жатады және кезең сайын жаңартуды талап етеді.
- Мұндай бөлшектерге кепілдеме берілмейді. Станок құрылымында қолданылатын сыртқы қорғаныс қабы, пластик пен алюминийден жасалған жекелеген бөліктері қорғаныс қызметін атқарады. Мұндай бөліктер кепілдеме бойынша ауыстырылмайды.
- Араның тазартуын жүйелі түрде жүргізіңіз. Зақымдалған қорғаныс құрылғыларын жедел ауыстыру керек.

Тазарту


- Машинаның тазарту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отырыңыз.
- Ара корпусының тазарту жұмыстары негізінен араны пайдаланған соң

жұмсақ шүберектің көмегімен жүргізіліп отыруы керек.

- Желдеткіш тіліктерді шаң мен ластанудан тазартып отырыңыз.
- Кірді сабынды суға малынған жұмсақ шүберектің көмегімен тазартыңыз. Ерітінділерді пайдаланбаңыз.

Коллекторлы қылшақтар

- Қозғалтқыш қылшақтары тозуға бейім және қажет болған жағдайда оларды ауыстыру керек.
- Станокты қоректендіруден ажыратыңыз.
- Қылшақтың қақпақшасын бұрап ашыңыз (A, сур. 11).
- Қылшақтың жағдайын 40 сағат жұмыс істегеннен кейін бақылаңыз. Егер қылшақ талшықтарының ұзындығы 3мм-ден кем болса, оны ауыстыру қажет.
- Бұрыш қылшақтары тез тозатын бөлшектерге жататындықтан, оларға JET компаниясы ауыстыру кепілдемесін бермейді. Тапсырыс артикулы JSMS-10L 109.



Сур. 11

- Жаңа қылшақтарды орнатыңыз.
- Қақпақшаны қайта орнатыңыз.

Аралау дискілері

- Тек қана қайралған аралау дискілерін қолданыңыз.
- Тек теріс алдыңғы бұрышты аралау дискілерін қолданыңыз.
- Ұзына бойы аралау үшін стандартты аралау дискілерін қолданбаңыз.
- Жұқа дайындамаларды аралау үшін тістері көп аралау дискілерін қолданыңыз. (кем дегенде 80 тісті)
- Зақымдалған аралау дискілерін жедел ауыстыру керек.

10. Ақауларды іздеу және жою

Мотор жұмыс істемейді:

- Тоқ жоқ - яғни біріктіруші өткізгіш сымы мен қорғағышты тексеріңіз;
- Коллекторлы қылшақтар тозған -

жөкелерді ауыстырыңыз;

- Мотор, сөндіргіш немесе кабельде ақау бар - электрикке жүгіну керек;

Жарық нұсқағышы жұмыс істемейді:

- Жарық нұсқағышының немесе жалғастырушы өткізгіш сымның ақауы бар;

Араның қатты дірілі:

- Ара түзу тұрған жоқ - түзетіп қою керек;
- Араның дискісі зақымдалған - дискіні жедел ауыстыру керек;

Аралау бұрышы 90 градусқа сай келмейді:

- Бұрылу тірегі дұрыс орнатылмағын;
- Дайындамаға арналған тірек дұрыс орнатылмағын;

Аралау беткі қабатының сапасы нашар:


- Сәйкес келмейтін аралау дискісі таңдалған;
- Аралау дискісі шайырмен ластанған;
- Аралау дискісінің тістері өтпейді;
- Дайындама бірыңғай емес;
- Араны беруге көп күш жұмсалған, өңдеу кезінде араға көп жүк түсірмеңіз.

11. Жеткізілетін заттар

- Қажетті заттардың толық тізімін www.jettools.ru сайтынан немесе каталогынан қараңыз.

Деталировка JSMS-10L

Деталювання для торцювально-вусорізної пилки JSMS-10L / JSMS-10L шеткі жақтар ы тікенді ара бөлшектері



Перечень деталей JSMS-10L

Перелік деталей JSMS-10L / JSMS-10L бөлшектерінің тізімі

№	Артикул	Обозначение	Позначення	Белгі	Размер/ Розмір/ Көлемі	Кол-во/ Кількість/ Саны
1	JSMS10L -001	Основание	Основа	Негіздеме		1
2	JSMS10L -002	Прорезиненные ножи	Прорезинені ніжки	Резеңке табандар		5
3	JSMS10L -003	Ось	Вісь	Ось		1
4	JSMS10L -004	Винт	Гвинт	Бұранда	M10×10	1
5	JSMS10L -005	Индикатор	Індикатор	Індикатор		1
6	JSMS10L -006	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	4	10
7	JSMS10L -007	Винт	Гвинт	Бұранда	M4×15	6
8	JSMS10L -008	Пружина	Пружина	Серіппе		1
9	JSMS10L -009	Ручка	Ручка	Тұтқа		1
10	JSMS10L -010	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×15	4
11	JSMS10L -011	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	5	15
12	JSMS10L -012	Втулка	Втулка	Төлке		1
13	JSMS10L -013	Пружинный штифт	Пружинный штифт	Серіппелі штифт	5×10	4
14	JSMS10L -014	Винт	Гвинт	Бұранда	M4×10	11
15	JSMS10L -015	Суппорт	Суппорт	Суппорт		1
16	JSMS10L -016	Ручка	Ручка	Тұтқа		2
17	JSMS10L -017	Направляющая	Напрямна	Бағыттаушы		1
18	JSMS10L -018	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	8	4
19	JSMS10L -019	Пружинная шайба	Пружинная шайба	Серіппелі тығырық	8	4
20	JSMS10L -020	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына болт	M8×30	4
21	JSMS10L -021	Регулировочная ручка	Регулювальна ручка	Реттегіш тұтқа		1
22	JSMS10L -022	Штифт	Штифт	Штифт		1
23	JSMS10L -023	Пружина сжатия	Пружина стискання	Қысу серіппесі		1
24	JSMS10L -024	Штырьковый цоколь	Штирковий цоколь	Қадалық ірге		1
25	JSMS10L -025	Пружинный штифт	Пружинный штифт	Серіппелі штифт	3×15	1
26	JSMS10L -026	Световой указатель	Світловий покажчик	Жарық нұсқағышы		1
27	JSMS10L -027	Держатель светового указателя	Тримач світлового покажчика	Жарық нұсқағышының ұстағышы		1
28	JSMS10L -028	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×10	2
29	JSMS10L -029	Шестигранная гайка	Шестигранна гайка	Алты қырлы сомын	M6	6
30	JSMS10L -030	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына болт	M6×40	1
31	JSMS10L -031	Пружина-ограничитель	Пружина-обмежувач	Жалпақ тығырық		1
32	JSMS10L -032	Втулка	Втулка	Шектегіш серіппе		1
33	JSMS10L -033	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×10	2
34	JSMS10L -034	Штифт	Штифт	Штифт		1
35	JSMS10L -035	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына болт	M8×25	1
36	JSMS10L -036	Шайба	Шайба	Тығырық		1
37	JSMS10L -037	Внешний фланец	Зовнішній фланець	Сыртқы ернемек		1
38	JSMS10L -038	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	4	3
39	JSMS10L -039	Защитный кожух	Захисний кожух	Қорғаныс қабы		1
40	JSMS10L -040	Пильный диск	Пильяльний диск	Аралау дискісі		1
41	JSMS10L -041	Внутренний фланец	Внутрішній фланець	Ішкі ернемек		1
42	JSMS10L -042	Силовой кабель	Силовий кабель	Күш беретін кабель		1
43	JSMS10L -043	Крепёжная пластина	Кріпильна пластина	Бекіткіш тілім		1
44	JSMS10L -044	Пружина-ограничитель	Пружина-обмежувач	Шектегіш серіппе		1
45	JSMS10L -045	Защитная пластина	Захисна пластина	Қорғаныс тілімі		1
46	JSMS10L -046	Крышка	Кришка	Қақпақ		1
47	JSMS10L -047	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	5	6
48	JSMS10L -048	Пружина	Пружина	Серіппе		1
49	JSMS10L -049	Колпачок замка вала	Ковпачок замка валу	Білік құлыбының қалпақшасы		1
50	JSMS10L -050	Замок вала	Замок валу	Білік құлыбы		1
51	JSMS10L -051	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×30	8
52	JSMS10L -052	Винт	Гвинт	Бұранда	M4X14	1
53	JSMS10L -053	Ручка	Ручка	Тұтқа		1


54	JSMS10L -054	Защитный кожух пыльного диска	Захисний кожух пиляль-ного диску	Аралату дискісінің қорғаныс қабы		1
55	JSMS10L -055	Вытяжной штуцер	Витяжний штуцер	Тартқыш штуцер		1
56	JSMS10L -056	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	6	3
57	JSMS10L -057	Винт	Гвинт	Бұранда	M6×20	3
58	JSMS10L -058	Самонарезающий винт	Самонарізний гвинт	Өзі кесетін бұранда	M4×52	1
59	JSMS10L -059	Гайка	Гайка	Сомын	M5	1
60	JSMS10L -060	Крепёжная пластина	Кріпильна пластина	Бекіткіш тілім		1
61	JSMS10L -061	Винт	Гвинт	Бұранда		1
62	JSMS10L -062	Пружина-ограничитель	Пружина-обмежувач	Шектегіш серіппе		1
63	JSMS10L -063	Винт	Гвинт	Бұранда		1
64	JSMS10L -064	Подвижной кожух	Рухомий кожух	Жылжымалы қап		1
65	JSMS10L -065	Пластина	Пластина	Тілім		1
66	JSMS10L -066	Шайба	Шайба	Тығырық		1
67	JSMS10L -067	Соединительная пластина	З'єднувальна пластина	Жалғастырғыш тілім		1
68	JSMS10L -068	Винт	Гвинт	Бұранда		2
69	JSMS10L -069	Ручка	Ручка	Тұтқа		1
70	JSMS10L -070	Винт	Гвинт	Бұранда	M4×10	2
71	JSMS10L -071	Винт	Гвинт	Бұранда	M6×15	4
72	JSMS10L -072	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×15	1
73	JSMS10L -073	Направляющая качения	Напрямна гойдання	Тербетіліс бағыттаушысы	LM25UU	2
74	JSMS10L -074	Подкладка	Підкладка	Төсеме		4
75	JSMS10L -075	Уплотнительное кольцо	Ущільнювальне кільце	Тығыздағыш сақина		4
76	JSMS10L -076	Пластина	Пластина	Тілім		2
77	JSMS10L -077	Шплинт	Шплинт	Сірге		2
78	JSMS10L -078	Направляющая планка	Напрямна планка	Бағыттаушы планка		2
79	JSMS10L -079	Крепёжная пластина	Кріпильна пластина	Бекіткіш тілім		1
80	JSMS10L -080	Ось	Вісь	Ось		1
81	JSMS10L -081	Гайка	Гайка	Сомын	M16	1
82	JSMS10L -082	Ручка	Ручка	Тұтқа		1
83	JSMS10L -083	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	16	1
84	JSMS10L -084	Плоская шайба	Пласка шайба	Жалпақ тығырық	10	1
85	JSMS10L -085	Шайба	Шайба	Тығырық	6	1
86	JSMS10L -086	Винт	Гвинт	Бұранда	M6	1
87	JSMS10L -087	Стальной шарик	Стальна кулька	Болат шар	φ8	1
88	JSMS10L -088	Винт	Гвинт	Бұранда	M6×35	2
89	JSMS10L -089	Индикатор	Індикатор	Індикатор		1
90	JSMS10L -090	Ось	Вісь	Ось		1
91	JSMS10L -091	Рабочий стол	Робочий стіл	Жұмыс үстелі		1
92	JSMS10L -092	Винт	Гвинт	Бұранда	M6×15	1
93	JSMS10L -093	Стальная шайба	Стальна шайба	Болат тығырық		3
94	JSMS10L -094	Винт	Гвинт	Бұранда		1
95	JSMS10L -095	Опора	Підпора	Сүйеніш		1
96	JSMS10L -096	Гайка	Гайка	Сомын	M4	2
97	JSMS10L -097	Защитный кожух светового указателя	Захисний кожух світлового покажчика	Жарық нұсқағышының қорғаныс қабы		1
98	JSMS10L -098	Опора	Підпора	Сүйеніш		1
99	JSMS10L -099	Ручка	Ручка	Тұтқа		1
100	JSMS10L -100	Ручка	Ручка	Тұтқа		2
101	JSMS10L -101	Держатель	Тримач	Ұстағыш		1
102	JSMS10L -102	Крепёжная пластина	Кріпильна пластина	Бекіткіш тілім		1
103	JSMS10L -103	Расширение	Розширення	Кеңейткіш		2
104	JSMS10L -104	Ручка	Ручка	Тұтқа		2
105	JSMS10L -105	Направляющая	Напрямна	Бағыттаушы		1
106	JSMS10L -106	Световой указатель	Світловий покажчик	Жарық нұсқағышы		1
107	JSMS10L -107	Колпачок угольной щётки	Ковпачок кутової щітки	Көмір қылшағының қалпақшасы		2
108	JSMS10L -108	Держатель щётки	Тримач щітки	Қылшақ ұстағыш		2
109	JSMS10L -109	Угольная щётка	Кутова щітка	Көмір қылшағы		2
110	JSMS10L -110	Защитный кожух двигателя сзади	Захисний кожух двигуна позаду	Артқы қозғалтқыштың қорғаныс қабы		1
111	JSMS10L -111	Корпус двигателя	Корпус двигуна	Қозғалтқыш корпусы		1
112	JSMS10L -112	Самонарезающие винт	Само нарізний гвинт	Өзі кесетін бұранда	ST4.2×10	2
113	JSMS10L -113	Мешок для сбора пыли	Мішок для збору пилу	Шаң жинайтын қап		1
114	JSMS10L -114	Ролик	Ролик	Аунақша		1
115	JSMS10L -115	Зажим	Затиск	Қысқыш		1

116	JSMS10L -116	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6304-2Z	1
117	JSMS10L -117	Стопорное кольцо	Стопорне кільце	Бөгеткіш сақина	φ20	1
118	JSMS10L -118	Шпindelь	Шпindelь	Шпindelь		1
119	JSMS10L -119	Шпонка	Шпонка	Кілтөк	5×10	1
120	JSMS10L -120	Стопорное кольцо	Стопорне кільце	Бөгеткіш сақина	φ16	1
121	JSMS10L -121	Шестерня	Шестірня	Тістегершік		1
122	JSMS10L -122	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6200	1
123	JSMS10L -123	Ротор	Ротор	Ротор		1
124	JSMS10L -124	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6201	1
125	JSMS10L -125	Самонарезающий винт	Само нарізний гвинт	Өзі кесетін бұранда	ST4.2×18	6
126	JSMS10L -126	Верхний кожух ручки	Верхній кожух ручки	Тұтқаның жоғарғы қабы		1
127	JSMS10L -127	Нижний кожух ручки	Нижній кожух ручки	Тұтқаның төменгі қабы		1
128	JSMS10L -128	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×10	4
129	JSMS10L -129	Гайка	Гайка	Сомын	M5	4
130	JSMS10L -130	Переходная втулка для силового кабеля	Перехідна втулка для силового кабелю	Күш беретін кабельге арналған өтпелі төлке		1
131	JSMS10L -131	Преобразователь	Перетворювач	Өзгерткіш		1
132	JSMS10L -132	Выключатель	Вимикач	Сөндіргіш		1
133	JSMS10L -133	Коробка передач	Коробка передач	Беріліс қорабы		1
134	JSMS10L -134	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×70	2
135	JSMS10L -135	Винт	Гвинт	Бұранда		1
136	JSMS10L -136	Антивибрационный кожух	Антивібраційний кожух	Дірілді бәсеңдеткіш қап		1
137	JSMS10L -137	Статор	Статор	Статор		1
138	JSMS10L -138	Вставка стола слева	Вставка столу ліворуч	Үстелдің сол жақ ендірмесі		1
139	JSMS10L -139	Вставка стола справа	Вставка столу праворуч	Үстелдің оң жақ ендірмесі		1
140	JSMS10L -140	Основание в сборе	Основа в зборі	Жинақтағы негіздеме		1
141	JSMS10L -141	Суппорт в сборе	Суппорт в зборі	Жинақтағы суппорт		1
142	JSMS10L -142	Подвижной кожух в сборе	Рухомий кожух в зборі	Жинақтағы қозғалмалы қап		1
143	JSMS10L -143	Двигатель в сборе	Двигун в зборі	Жинақтағы қозғалтқыш	230V	1
144	JSMS10L -144	Шпindelь в сборе	Шпindelь в зборі	Жинақтағы шпindelь		1
145	JSMS10L -145	Ротор в сборе	Ротор в зборі	Жинақтағы ротор		1
146	JSMS10L -146	Ручка в сборе	Ручка в зборі	Жинақтағы тұтқа		1
147	JSMS10L -147	Масштабная линейка	Масштабна лінійка	Масштабты сызғыш		1
148	JSMS10L -148	Шкала длин	Шкала довжин	Ұзындықтар шкаласы		1
149	JSMS10L -149	Шкала для распила под углом	Шкала для розпилу під кутом	Бұрыш астынан аралауға арналған шкала		1
150	JSMS10L -150	Заглушка	Заглушка	Бәсеңдеткіш	Ø2×3	2
151	JSMS10L -151	Винт	Гвинт	Бұранда	M4×10	3
152	JSMS10L -152	Зажим	Затиск	Қысқыш		1
153	JSMS10L -153	Шайба	Шайба	Тығырық	4	1
154	JSMS10L -154	Самонарезающий винт	Само нарізний гвинт	Өзі кесетін бұранда	ST4.2×12	6
155	JSMS10L -155	Кожух	Кожух	Қап		1
156	JSMS10L -156	Зажим в сборе	Затиск в зборі	Жинақтағы қысқыш		1
157	JSMS10L -157	Расширение в сборе	Розширення в зборі	Жинақтағы кеңейткіш		1
158	JSMS10L -158	Ключ	Ключ	Кілт	6	1
159	JSMS10L -159	Ключ	Ключ	Кілт		1
160	JSMS10L -160	Конденсатор	Конденсатор	Конденсатор	CB244-B	1
161	JSMS10L -161	Фиксатор провода	Фіксатор дроту	Өткізгіш сым бекіткіші		1
162	JSMS10L -162	Скоба крепления электропроводки (А) в сборе	Скоба кріплення електропроводки (А) в зборі	Жинақтағы электржетектің (А) бекіту қапсырмасы		1
163	JSMS10L -163	Самонарезающий винт	Само нарізний гвинт	Өзі кесетін бұранда	ST2.9×8	2
164	JSMS10L -164	Стопорное кольцо	Стопорне кільце	Бөгеткіш сақина		1
165	JSMS10L -165	Кольцо в сборе	Кільце в зборі	Жинақтағы сақина	Ø8	4
166	JSMS10L -166	Винт	Гвинт	Бұранда	M5×10	2
167	JSMS10L -167	Скоба крепления электропроводки (В) в сборе	Скоба кріплення електропроводки (В) в зборі	Жинақтағы электржетектің (В) бекіту қапсырмасы		1
168	JSMS10L -168	Предупредительная табличка	Попереджувальна табличка	Ескерту тақтайшасы		3
169	JSMS10L -169	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына болт	M4x6	1
170	JSMS10L -170	Втулка	Втулка	Төлке		1
171	JSMS10L -171	Болт под шестигранный ключ	Болт під шестигранный ключ	Алты қырлы кілт астына болт	M6x25	1

Схема электрических соединений JSMS-10L

Схема електричних з'єднань JSMS-10L / JSMS-10L Електр сьзбасы

10000826M~220В, 50Гц





РОДАН

JET

8 (800) 250-39-59
info@rodan.ru
rodan.ru